

**«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті» КЕАҚ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өнірлік университетінің  
Басқарма тәрағасы-Ректор  
Л.Ч.Карабасова  
«01» 07 2025 ж.

**ФОРМАЛЬДЫ ЖӘНЕ ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ  
НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым**

**Ақтөбе, 2025 ж.**

## **ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ**

Академиялық қызмет департаментінің директоры Бишекен С.К.  
Тіркеу оғисінің басшысы Жусупова Г.Т.

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде «01» 07 2025 ж., хаттама №12)  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университетінің ректорымен  
**БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗІЛДІ**

**ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ** жаңасын ауыстырғанға дейін

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

## **1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ**

1.1 Формальды және формальды емес білім беру нәтижелерін тану туралы осы ереже білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарда айқындалған талаптарға сәйкес әзірленді.

1.2 Осы Ереже университетте жоғары білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушыларды формальды және формальды емес алған білімдері негізінде оқыту нәтижелерін тану тәртібін айқындауды.

## **2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР**

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы.

2.2 Оқытуудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы.

2.3 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

2.4 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйр

ығы.

2.5 Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидалары. Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы білім министрлігінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 бірлескен бұйрығы.

## **3 ГЛОССАРИЙ**

3.1 Формальды білім – бұл «әдейі жүйелі түрде» жүзеге асырылатын жалпы білім беруден жоғары білімге дейінгі барлық деңгейдегі бағдарламалар. Оны белгілі бір ведомство жоспарлайды, ұйымдастырады және басқарады және оны оқу орындары (мектеп, колледж немесе университет) қамтамасыз етеді.

3.2 Формальды емес білім беру – оқу орнын, мерзімдерін және нысанын есепке алмай және оқу нәтижелерін растайтын құжатты беру қызметтерін көрсету бойынша білім беру қызметтерін ұсынатын, жоспарланған, ұйымдастырылған және ұйымдарда жүзеге асырылатын білім беру түрі.

3.3 Оқыту нәтижелері – білім алушының (тыңдаушының) білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен білімінің, іскерлігінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар.

## **4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Бұл ереже университеттегі білім алушыларға қолданылады:

- орта білімнен кейінгі және жоғары кәсіптік білім базасында жоғары немесе жоғары оку орнынан кейінгі білім алу үшін университетке қабылданғандар;

- бір білім беру үйымынан екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстырылғандар;

- университеттен шығарылғаннан кейін қайта оқуға қабылданғандар;

- басқа жоғары оку орнынан университетке оқуды жалғастыру үшін қайта қабылданғандар;

- университетте іске асырылатын білім беру бағдарламалары шеңберінде бейресми білім беру нәтижелерін растайтын тұлғалар.

## **5 ФОРМАЛЬДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫМЕН АЛЫНГАН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРИН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ МЕН РӘСІМДЕРІ**

5.1 Кредиттерді қайта есептеу – бұл алдыңғы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оку орнынан кейінгі кәсіптік білім алу кезінде білім алушылар өткен оқу пәндерін, кәсіптік практика түрлерін, білім беру модульдерін оқыту нәтижелерін тану.

5.2 Кредиттерді қайта есептеу білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды жалғастыру кезінде оларды ресми тану үшін білім беру бағдарламаларының (пәндердің, курстардың, модульдердің) компоненттері бойынша оқу жетістіктерін салыстыруды және қайта есептеуді, білім беру траекториясын, оқу орнын, оқу елін, оның ішінде академиялық ұтқырлық кезінде ауыстыруды қамтамасыз етеді.

5.3 Оқыту нәтижелерін тану техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарынан формальды білім беру жолымен алынған және формальды білім беретін танылған үйымдардың тізбесіне енгізілген үйымдар берген, мысалы, оқуды аяқтамаған тұлғаларға берілетін академиялық анықтама; мемлекеттік/жеке үлгідегі диплом және оның қосымшасы; транскрипт. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ААҚ тұлектері үшін оқу нәтижелерін тану атtestat және оның қосымшасы, сертификаттар негізінде жүзеге асырылады.

5.4 Формальды білім беру жолымен алынған оқу нәтижелерін тануға білім беру бағдарламасына кіретін білім беру компоненттері үшін рұқсат етіледі: қорытынды атtestatтауды қоспағанда міндettі компонент пәндері, ЖОО компоненті, таңдау бойынша білім беру компоненттері, практиканың барлық түрлері.

5.5 Қорытынды бақылауы емтихан болып табылатын пәндер ғана қайта есептелуге жатады. Қайта есептеу оқу пәнінің атауы мен оның мазмұны бірдей болған кезде, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқытын тұлектер үшін сағаттардың және/немесе кредиттердің жалпы көлемі (кемінде 50%) және/немесе желілік нысан бойынша оқытын сағаттардың жалпы көлемі (кемінде 50%) сәйкес келген кезде жүргізіледі.

5.6 Қайта бағалау оқу басталғанға дейін жүргізіледі. Егер алдыңғы білім туралы ұсынылған құжатта сағат көрсетілмесе, пәнді қайта тапсыру туралы шешім жеке қабылданады және қолданыстағы бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне негізделеді.

5.7 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның қайта есептелуі «Қазақстан тарихы» пәні бойынша қорытынды баға болып табылады (жоғары білім негізінде қабылданғандар үшін).

5.8 Жалпы білім беру блогы және элективті пәндер каталогы пәндерінің тізбесі бойынша пәндер оқу жүктемесінің көлемі сәйкес келген және олардың білім беру бағдарламаларының бағытына сәйкес келген жағдайда қайта есептелуі мүмкін.

5.9 Университетте оқу үшін енгізілген пәндер кредиттердің (сағаттардың) бірдей немесе үлкен көлемімен алдыңғы білім беру блогының мазмұны бойынша сабактас пәндермен қайта есептелуі мүмкін.

5.10 Бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламасының пәндерін қайта тапсырған білім алушылар тиісті пәнді қайта оқудан босатылады.

5.11 Формальды түрде білім беру пәндерін қайта оқу үшін университет ректорының бұйрығымен комиссия құрылады.

5.12 Комиссия студенттің алдыңғы формальды білім туралы құжаттарының негізінде:

- оқудың алдыңғы кезеңінде студент оқыған оқу пәндерінің тізбесін (олардың сағаттарының көлемін, бақылау нысанын) дайындықтың тиісті бағыттары үшін бакалавриаттың немесе магистратураның білім беру бағдарламаларында қамтылған пәндер тізбесімен салыстырады;

- қайта есептеу туралы шешім қабылдауға болатын пәндер тізбесін айқындайды;

- білім беру бағдарламасының пәндері бойынша әрбір білім алушы үшін қайта есептеудің сейкестендіру ведомосін жасайды, ол бойынша кейіннен тиісті шешімдер шығарылады;

- білім алушыны білім беру процесі басталғанға дейін қайта есептеу шарттарымен таныстырады.

Хаттаманың және білім алушының сәйкестендіру ведомосінің негізінде қайта есептеу пәндері бойынша бағалау білім алушының транскриптіне енгізіледі.

5.13 Комиссия шешімі хаттама нысанында ресімделеді және төраға, комиссия мүшелері қол қояды.

5.14 Хаттама білім алушының транскриптіне енгізу үшін тіркеу офисіне беріледі.

5.15 Білім алушы келесі семестрлерде қайта есептелген білім беру компоненттерін оқудан босатылады.

## **6 ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫМЕН АЛЫНҒАН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАҢУ ТӘРТІБІ МЕН РӘСІМДЕРІ**

6.1 Формальды емес білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін тану білім беру бағдарламасына кіретін білім беру компоненттері үшін рұқсат етіледі.

6.2 Формальды емес білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін тану міндettі компонент, жоғары оқу орнының компонент пәндеріне де, таңдау бойынша білім беру компоненттеріне де, қорытынды аттестаттауды қоспағанда, практиканың барлық түрлеріне де қолданылады.

6.3 Білім беру компоненті тек толық көлемде қайта есептелуі мүмкін.

6.4 Бағдарламалар көлемін салыстыру кезінде білім беру бағдарламасының бір академиялық кредитінің бастапқы еңбек сыйымдылығы үшін - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында - 24 академиялық сағат және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында - 30 академиялық сағат қабылданады.

6.5 Формальды емес білім берудің оқыту нәтижелері мен құзыреттерін салыстыру бағдарламалардың мазмұнын, олардың мақсаттары мен толықтығын зерделеу арқылы оқу пәннің силлабусын немесе білім беру бағдарламасының модулін қамтуды жүзеге асыру.

6.6 Формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін растайтын құжат:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары;

2) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес қосымша білім беру үйымдары, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары (орталықтары), білім беру қызметіне құқығы бар жұмыс берушілер жанындағы оқу орталықтары немесе жұмыс берушінің етінімі бойынша жұмыс берушінің жұмыс орны;

3) сұранысқа ие кәсіптер тізбесі бойынша электрондық еңбек биржасы;

4) халықаралық білім беру платформаларындағы (Coursera (курсоп), EdX (Эдикс), FutureLearn (Фьючелен), Udacity (Юдасити) жаппай ашық онлайн курстары беретін оқуды аяқтау туралы сертификат немесе куәлік болып табылады.

5) белгілі бір деңгейде шет тілін менгергенін растайтын сертификат;

6) халықаралық дәрежедегі спорт шебері, спорт шебері куәлігі, спорт шебері кандидаты.

Куәліктер мен сертификаттардың көлемі (академиялық кредиттерде және (немесе) сағаттарда) және бағалары көрсетіле отырып, бағдарламаның зерделенген курсарының, оқу пәндерінің (модульдерінің) атаулары көрсетілетін еркін нысаны мен қосымшасы болады.

6.7 Формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану үшін университет ректорының бүйрекшімен формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану жөніндегі комиссия (төраға, комиссия мүшелері, хатшы) және оның құрамы құрылады. Комиссия 7 адамнан аспайтын мүшелердің тақ санынан тұрады.

6.8 Комиссия төрағасы комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, комиссия отырыстарын өткізеді.

6.9. Формальды емес білім беру жолымен алынған оқу нәтижелерін тану үшін білім алушы академиялық кезең басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын комиссия төрағасының атына бейресми білім беру жолымен алынған оқу нәтижелерін тану туралы өтініш жазады. Өтінішке жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, формальды емес білім беруді оқыту нәтижесін растайтын құжат (куәлік) қоса беріледі.

6.10 Алынған құжаттарды комиссия үш жұмыс күні ішінде сараптама жүргізу үшін сараптама тобына жібереді (сараптама қорытындысы).

6.11 Сараптама тобының құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі, оған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылар кіреді.

6.12 Сараптама тобы 5 (бес) жұмыс күні ішінде формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің білім беру үйімінің білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі түрғысынан құжаттарды қарайды.

6.13 Қарау нәтижелері бойынша формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің білім алушы менгеретін білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелеріне, бағдарламаның мақсаттарына, бағдарлама көлемі мен бағалауға сәйкестігін міндетті бағалаумен сараптамалық қорытынды жасалады.

6.14 Сараптамалық қорытынды қарау және шешім қабылдау үшін комиссияға беріледі.

6.15 Комиссия шешімі отырыска қатысатын комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

6.16 Менгерілген оқу пәндерін, атауы көрсетілген бағдарламаларын, академиялық кредиттердегі көлемін, бағалары және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін білім алушының транскриптіне қайта есептеу туралы мәліметтерді енгізу үшін Комиссия отырысының хаттамасынан көшірмені комиссия хатшысы тіркеу офисіне береді.

6.17 Білім алушы келесі академиялық кезеңдерде қайта есептелген оқу пәндерін оқудан босатылады.

## **7 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

7.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішлік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

7.2 Өзгеріс болған жағдайда университетте күші жойылған ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.

## **КЕЛІСІЛДІ:**

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Л.Н.Мясникова